

«Бекітемін»
Мектеп директоры



А.Ж.Достанова

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар
№ 7 ЖББОМ» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы
«Ғажайып қазақ тілі»
мектепшілік ақысыз үйірме жоспары

Үйірме жетекшісі: Түгелбай Л.Б

Түсінік хат

Тіл қашанда ұлт мәдениетінің, өнер-білімнің ұлы қаруы, алтын тұғыры саналатындықтан, қазақ тілі мен әдебиетінің келешек көкжиектері білім беру ұйымдарының қазіргі таңдағы оқытылу жайынан бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда курс оқушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік береді, интеллектуалдық деңгейін биіктетеді. Қазақ тілінен жүргізілетін практикалық жұмыстарға қойылатын талап ерекше. Сабақта әр оқушының белгілі тақырыптардан олимпиадаға өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл оқушының қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар оқушының білімді шала түсінген тұстарын практика жүзінде нақтылауда атқаратын қызметі зор. Негізгі мақсаты — оқушылардың материалды жүйелі түрде меңгеруіне жағдай жасау, қазақ тілі ғылымының теориялық негіздерін меңгерту. Аталмыш бағдарлама синтаксистік талдауды үренуге мүмкіндік тудырады. Бағдарлама жоспары оқушылардың жазбаша тілін дамытуға көмек көрсетеді. Бағдарламада сөздердің грамматикалық байланысынан бастап сөйлемнің тыныс белгілеріне дейін қамтылған.

Факультатив курсының мақсаты — ана тілінің қызметін жүйелі меңгерген, оның қыр-сыры мен тарихын жетік білетін, қарым-қатынастық біліктілігі дамыған, ұлттық санасы оянған дара тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

Осы мақсаттан туындайтын міндеттер:

- оқушылардың фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік машықтары мен дағдыларын дамыту;
- тіл дыбыстары, сөз таптары мен қосымшалар туралы теориялық білімдерін жүйелеу;
- теориялық білімдерін ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерінде орынды қолдануға төселдіру;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқу материалдары арқылы ана тілін жетік меңгерген ұлтжанды тұлға қалыптастыру;

Бағдарламадағы практикалық жұмыстарға теориялық негіз ретінде С. Кеңесбаевтың , Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» /лексика, фонетика/, С. Мырзабековтың «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі», А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» /морфология/, М.Балақаев пен Т. Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» /синтаксис/ атты еңбектері пайдаланылды.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі.

Курсты жүргізетін жұмыс түрлері мынандай:

1. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімді практикалық жұмыстармен тығыз ұштастырып, тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өздерінің ауызша, жазбаша жұмыстарында дұрыс сауатты қолдану;
2. Өтілген грамматикалық ережелердің негізінде мәтінмен жұмыс істеу;
3. Фонетикалық ерекшеліктер, орфографиялық заңдылықтарды дұрыс танып, ұқсас формаларды бірден ажырату үшін салыстыру, талдау жұмыстарын жүргізу;
4. Жай талдау үлгісімен қатар талдаудың жаңа әдісі сатылай кешенді талдау үлгілерін жүргізу;
5. Деңгейлік тапсырмалар орындау;

Қорытындылау: оқушылардың білімі әр тақырыпты өткен сайын тест жұмыстары арқылы бағаланады.

Оқушының білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар:

Оқушылар нені білу керек:

- қазақ тіл білімінің салалары бойынша барлық ережелерді ;
- білгенін практика жүзінде іске асыра алуды;

- талдау машыгынын жоғары болуы;
- орфографиялық заңдылықтарды терең меңгеру;
- салыстыра алу қабілетінің басым болуы;

Оқушылар нені үйрену керек:

- тіліміздің өзіндік заңдылықтарын өз жұмыстарында сауатты қолдану;
- грамматикалық ережелер негізінде мәтінмен жұмыс істеу;
- сатылай кешенді талдау үлгілерін меңгеру;
- деңгейлік

Білім деңгейін тексеру:

1. Бақылау жұмысы
2. Тест жұмыстары

Оқу-әдістемелік кешендер:

1. Дидактикалық материалдар
2. ҰБТ жинағы
3. Электронды оқулықтар

Күтілетін нәтиже:

- салыстыра, дәлелдей, талдай, қорытындылай білу дағдыларын меңгеру, тілдік және әдеби білімдерінің толығуы;
- практикалық, танымдық, шығармашылық тапсырмаларды еркін орындай алу;
- сауатты жазу, сауатты сөйлеу, өзіндік ой дербестігінің болуы;

Күнтізбелік - тақырыптық жоспары

5 «Ә»

Жыл бойына – 34 сағат, аптасына – 1 сағат.

№	Оқу тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі			Қайталау	Пәнаралық байланыс
			5 «Ә»				
1	Кіріспе сабақ	1					
2	Фонетика	1				грамматикалық категориялар	орыс тілі
3	Дауысты дыбыстар.	1				грамматикалық категориялар	орыс тілі
4	Диктант	1				Пунктуациялық нормалар	орыс тілі

5	Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі	1				грамматикалық категориялар	орыс тілі
6	Орфография , орфоэпияның негізгі қағидасы	1				Орфография заңдылығы	
7	Тест тапсырмалары	1					
8	Үндестік заңы	1				Фонетика	орыс тілі
9	Ықпалдың түрлері	1				Ілгерінді ,кейінгі ықпал	орыс тілі
10	Буын. Тасымал. Екпін	1				Буын түрлері	
11	Тест жұмысы.(фонетика тақырыбын қайталау)	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
12	Лексика салалары	1				Мағыналары	орыс тіл
13	Қолдану аясы шектеулі сөздер	1				Сөз.Сөз тіркестері	орыс тіл, қазақ әдебиеті
14	Қолдану аясы шектеулі сөздер	1					
15	Тұрақты сөз тіркесі	1				Тұрақты мен тұрақсыз сөз	орыс тіл, қазақ

						тіркестері	әдебиеті
16	Сөз мағынасы	1				Тура мен ауыспалы	орыс тіл, қазақ әдебиеті
17	Антоним. Синоним. Омоним.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
18	Тест жұмысы. /Лексика бөлімін қорытындылау/	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
19	Сөзжасам. Сөз құрамы.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
20	Қосымшалар. Жұрнақ пен жалғау	1				Жұрнақтар, олардың құрамы. Жалғаулардың түрлері.	
21	Морфология. Сөз таптары	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
22	Зат есім.Сын есім.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті

23	Диктант	1				Пунктуациялық нормалар	
24	Сан есім. Сан есімінің сөйлемдегі қызметі	1					
25	Есімдік. Есімдіктің түрлері.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
26	Етістік. Заттың іс-әрекетін, қимылын білдіретін сөз табы туралы.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
27	Үстеу. Түрлері.	1					
28	Одағай. Түрлері.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
29	Шылау. Аткаратын қызметі.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті

30	Тест жұмысы. Морфология саласы бойынша білімдерін қорытындылау.	1					орыс тіл, қазақ әдебиеті
31	Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің құрамы.	1				Сөз тіркесінің басты грамматикалық қасиеті.	орыс тіл, қазақ әдебиеті
32	Сөйлем. Түрлері.	1					
33	Бірыңғай мүшелер.Ерекшелігі.	1					
34	Тест жұмысы. Оқушылардың білімдерін қорытындылау	1				Өткенді қайталау	